

"ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің өзара саудасындағы шектеулерді кезең-кезеңмен жою туралы хаттаманы ратификациялау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 6 маусымдағы N 513 Қаулысы

Ескерту. Заңның жобасы Қазақстан Республикасының Парламентінен кері қайтарып алынды - ҚР Үкіметінің 2007.11.19. N 1102 Қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ** ЕТЕДІ:

"ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің өзара саудасындағы шектеулерді кезең-кезеңмен жою туралы хаттаманы ратификациялау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

"ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің өзара саудасына шектеуді кезең-кезеңмен жою туралы хаттаманы р а т и ф и к а ц и я л а у т у р а л ы "

Қазақстан Республикасының Заңы

2005 жылғы 3 маусымда Тбилиси қаласында жасалған ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің өзара саудасына шектеуді кезең-кезеңмен жою туралы хаттама бекітілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті

ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің өзара саудадағы шектеулердің күшін кезең-кезеңімен жою туралы ХАТТАМА

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Тәуелсіз Мемлекеттер Достығына қатысушы мемлекеттердің Үкіметтері,

өзара тауар айналымын арттыру, ТМД-ға қатысушы мемлекеттер халықтарының тұрақты экономикалық өсімі және әл-ауқатының көтерілуін қамтамасыз ету қажеттілігін назарға ала отырып,

алдын ала ескерілген ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің өзара саудадағы тарифтік және тарифтік емес шектеулердің күшін кезең-кезеңімен жою көзделген, 1994 жылғы 15 сәуірдегі Еркін сауда аймағын құру туралы келісімнің және 1999 жылғы 2 сәуірдегі оған өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы хаттаманың ережелерін мүлтіксіз орындауға үлкен мән бере отырып,

төмендегілер туралы келісті :

1. ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің өзара саудадағы шектеулер күшін жоюдың мынадай шектік мерзімдері бекітілсін:

1.1. Импорт кезіндегі еркін сауда режимінің тарифтік шектеулері (алып қоюлары) б о й ы н ш а :

1.1.1. 2006 жылғы 1 шілдеден кешіктірмей арақ (ТМД СЭҚ ТН 2208 60), темекі және темекі бұйымдары (ТМД-ның сыртқы экономикалық қызметінің тауар номенклатурасының коды (бұдан әрі - ТМД СЭҚ ТН) 2402) бойынша екі жақты хаттамалармен тіркелген алып қоюлардың күші жойылсын. Әзірбайжан Республикасы, Қазақстан Республикасы және Ресей Федерациясы 2012 жылғы 1 қаңтарынан кешіктірмей екі жақты саудада қолданатын темекі және темекі бұйымдары (ТМД СЭҚ ТН коды 2402) бойынша алып қоюлардың күшін жояды.

1.1.2. 2007 жылғы 1 қаңтардан кешіктірмей ашытылған сыра бойынша (ТМД СЭҚ ТН коды 2203) екі жақты хаттамалармен тіркелген алып қоюлардың күші жойылсын.

1.1.3. 2007 жылғы 1 қаңтардан кешіктірмей ақ қант бойынша (ТМД СЭҚ ТН коды 1701 99 100) екі жақты хаттамалармен тіркелген алып қоюлардың күші жойылсын. Ресей Федерациясы және Украина 2009 жылғы 1 қаңтардан кешіктірмей екі жақты саудада қолданатын көрсетілген алып қоюлардың күшін жояды.

1.1.4. 2012 жылғы 1 қаңтардан кешіктірмей этил спирті (ТМД СЭҚ ТН кодтары 2207, 2208 90 910, 2208 90 990), жүзім шараптары (ТМД СЭҚ ТН коды 2204), вермуттар және жүзім шараптары (ТМД СЭҚ ТН коды 2205), ашытылған өзге де сусындар (ТМД СЭҚ ТН коды 2206) бойынша алып қоюлардың, сондай-ақ 1997 жылғы 2 маусымдағы екі жақты Хаттамаға сәйкес Қазақстан Республикасы және Өзбекстан Республикасы өзара саудада алып қоюлардың күші жойылсын.

1.2. Импорт кезіндегі еркін сауда режимінің тарифтік емес шектеулері бойынша:

1.2.1. 2008 жылғы 1 қаңтардан кешіктірмей сыра импорты, ликер-арақ және темекі өнімдерін квоталаудың күші жойылсын.

2. Осы Хаттама қол қойылған күнінен бастап уақытша қолданылады және оған қол қойған Тараптар оның күшіне енуіне қажетті мемлекетішілік рәсімдерді орындағаны туралы үшінші жазбаша хабарламаны депозитарийге сақтауға тапсырған күннен бастап күшіне енеді.

Мемлекетішілік рәсімдерді кешірек орындаған Тараптар үшін осы Хаттама депозитарий тиісті жазбаша хабарламаларды алған күннен баптап күшіне енеді.

3. Осы Хаттамаға Тараптардың өзара келісімі бойынша осы Хаттаманың 2-тармағында көзделген тәртіпте күшіне енетін жеке хаттамамен рәсімделген өзгеріс пен толықтыру енгізілуі мүмкін.

4. Осы Хаттама оның мақсаттарымен және қағидаттарымен бөлісетін басқа да мемлекеттер үшін осы Хаттаманың барлық Тараптармен келісілген шарттарда қосылу үшін ашық. Қосылатын мемлекет үшін ол депозитарий Тараптардың осындай қосылуға

келісуі туралы тиісті хабарламаны алған күннен бастан 30 күн өткеннен кейін күшіне е н е д і .

5. Осы Хаттаманың ережелерін түсіндірумен және (немесе) қолданумен байланысты даулар мен келіспеушіліктер Тараптар арасында консультациялар және келіссөздер жүргізу жолымен шешіледі.

Тбилиси қаласында 2005 жылғы 3 маусымда орыс тілінде бір түпнұсқа данада жасалды. Келісімнің түпнұсқа данасы осы Хаттамаға қол қойған мемлекеттердің әрқайсысына оның куәландырылған көшірмесін жіберетін Тәуелсіз Мемлекеттер Достығының Атқарушы Комитетінде сақталады.

Әзірбайжан Республикасының

Молдова Республикасының

Үкіметі үшін

Үкіметі үшін

Армения Республикасының

Ресей Федерациясының Үкіметі

Үкіметі үшін

үшін

Беларусь Республикасының

Тәжікстан Республикасының

Үкіметі үшін

Үкіметі үшін

Грузия

Түркіменстан Республикасының

Үкіметі үшін

Үкіметі үшін

Қазақстан Республикасының

Өзбекстан Республикасының

Үкіметі үшін

Үкіметі үшін

Қырғыз Республикасының

Украина

Үкіметі үшін

Үкіметі үшін

**Еркін
келісім**

сауда

аймағын

құру

туралы

Бұдан әрі Уағдаласушы Тараптар деп аталатын осы Келісімге қатысушы мемлекеттер ,

өзара экономикалық принциптерін енгізе отырып, ықтиярлығын растай отырып,

іс-тәжірибеге нарықтық экономиканың принциптерін енгізе отырып,

Мәскеу қаласында жасалған, 1993 жылғы 24 қыркүйектегі Экономикалық одақты құру туралы шарттың ережелерін дәйекті іске асыру бағытында іс-қимыл жасай отырып ,

тауарлар мен қызметтердің еркін қозғалысы үшін жағдайларды қалыптастыра отырып ,

өзара сауданың теңгерімділігін және қатысушы мемлекеттердің ішкі экономикалық жағдайын тұрақтандыруды қамтамасыз ете отырып,

өзара пайдалы кооперациялық байланыстар мен ынтымақтастықты дамыту негізінде қатысушы мемлекеттердің экономикалық әлеуетінің өсуіне жәрдемдесе отырып ,

өз мемлекеттері халықтарының тіршілік деңгейін ұдайы арттыруға ұмтылысын

б а с ш ы л ы қ қ а

а л а

о т ы р ы п ,

Экономикалық одақты құрудың кезең-кезеңділігін негізге ала отырып, бұдан әрі Келісім деп аталатын еркін сауда аймағын құру туралы келісімге кіре отырып, мына төмендегілер туралы келісті:

1-бап. Жалпы ережелер

1. Уағдаласушы Тараптар осы Келісімнің мақсаттарына қол жеткізу үшін Экономикалық одақты құрудың бірінші кезеңінде нақты міндеттерді шешуде өзара іс-қимыл жасауды қамтамасыз етеді, олар:

өзара саудадағы барабар ықпалы бар кеден баждарын, салықтар мен алымдарды және сандық шектеулерді біртіндеп жоюға;

тауарлар мен қызметтердің еркін қозғалысы үшін басқа да кедергілерді жоюға, сауда және басқа да операциялар бойынша өзара есеп айырысулар мен төлемдердің тиімді жүйесін құруға және дамытуға;

осы келісімнің қатысушылары болып табылмайтын елдерге қатысты сауда саясатын үйлестіруге;

экономикалық саясатты Келісімнің мақсаттарына қол жеткізу үшін қажет шамада (өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы, көлік, қаржы, инвестициялар, әлеуметтік орта, адал бәсекені дамыту және т.б.) үйлестіруге;

салааралық және ішкі салалық кооперация мен ғылыми-техникалық ынтымақтастыққа жәрдемдесуге;

Уағдаласушы Тараптардың заңнамасын еркін сауда аймағының тиісті және тиімді жұмыс істеуі үшін қажет шамада үндестіруге және/немесе біріздендіруге бағытталады.

2. Келісімнің аумағы Уағдаласушы Тараптардың кедендік аумақтарын қамтиды.

3. Егер терминдердің мағыналары Келісімде немесе Уағдаласушы Тараптардың өзге уағдаластықтары бойынша арнайы айқындалмаса, онда Уағдаласушы Тараптар оларды түсіндіру кезінде Халықаралық шарттардың құқықтары туралы 1969 жылғы Вена конвенциясының ережелерін басшылыққа алатын болады.

Келісімді немесе оның жекелеген терминдерін түсіндіруге байланысты келіспеушіліктер осы Келісімге байланысты дауларды реттеу үшін қабылданған рәсімдердің тәртібімен шешілетін болады.

4. Уағдаласушы Тараптар осы Келісімнің ережелеріне қайшы келетін және оның мақсаттарына қол жеткізуге кедергі болатын іс-қимылдарға бармайтын болады. Бұл ереже Уағдаласушы Тараптардың, атап айтқанда, басқа өңірлік экономикалық топтарға қатысу шарттарына, сондай-ақ Келісімнің шеңберіндегі қарым-қатынастарды реттеуге байланысты өзге де мәселелерге қатысты.

2 - б а п

Қатыспайтын мемлекеттерге қатысты режим

Уағдаласушы Тараптар осы Келісімге қатыспайтын мемлекеттермен сыртқы экономикалық қарым-қатынастардың режимін өздігінен және тәуелсіз айқындау құқығын сақтайды.

3 - б а п

Барабар ықпалы бар кедендік баждар, салықтар мен алымдар және сандық шектеулер

1. Уағдаласушы Тараптар Уағдаласушы Тараптардың бірінің кедендік аумағынан шығарылған және басқа Уағдаласушы Тараптардың кедендік аумағына үшін әкелуге және/немесе әкетуге арналған тауарларға барабар ықпалы бар кедендік баждарды, салықтар мен алымдарды, сондай-ақ сандық шектеулерді қолданбайды. Осы сауда режимінен ерекшеліктер осы Келісімнің ажырамас бөліктері болып табылатын құжаттармен ресімделеді.

2. Уағдаласушы Тараптар осы баптың 1-тармағына сәйкес осы Келісім күшіне енген күннен бастап алты ай ішінде еркін сауда режимінен алып қоюлар жалпы тізбесін, сондай-ақ еркін сауда аймағы құрылғанға дейінгі өтпелі кезеңде осындай алып қоюларды қолдану және кезең-кезеңмен алудың әдістерін әзірлеп бекітеді.

3. Алып қоюлардың жалпы тізбесін келіскенге дейін Уағдаласушы Тараптардың арасындағы қарым-қатынастарда, егер екіжақты келісімдермен өзгеше көзделмесе, еркін сауда туралы қолданыстағы екіжақты келісімдер мен осы режимнен алып қоюлар туралы хаттамалар қолданылатын болады.

4. Тауар шығарылған ел Тауарлар шығарылған елді айқындауды ережелеріне сәйкес айқындалады, ол осы Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылады (1-қосымша).

4 - б а п

Техникалық және басқа да арнайы талаптар (шектеулер)

1. Уағдаласушы Тараптар өзара саудадағы техникалық тосқауылдар мен ұқсас сипаттағы басқа да шектеулерді жою мақсатында техникалық және басқа да арнайы талаптарды үндестіруге және осы саладағы өзінің саясатын келісуге ұмтылатын болады.

2. Уағдаласушы Тараптар өзінің құзыретті органдарына осы баптың бірінші тармағының ережелерін көпжақты немесе екіжақты негізде іске асыру үшін тиісті ұсыныстарды дайындауды жүктейді.

5 - б а п

Тауарларды әкелумен және әкетумен байланысты алымдар мен нысандылықтар

1. Уағдаласушы Тараптар өзара саудада тауарларды әкелумен немесе әкетумен байланысты белгіленген барлық алымдар мен төлемдер (кедендік баждар, салықтар мен оларға теңестірілген алымдарды қоспағанда) тікелей шығындардың орынды шектерінен аспауға тиіс.

2. Уағдаласушы Тараптар алымдар мен төлемдердің түрлері туралы хабардар ететін

және олардың саны мен мөлшерлерін келісіп қысқартуға ұмтылатын болады.

3. Уағдаласушы Тараптар әкімшілік нысандылықтарын оңайлатуға және біріздендіруге ұмтылатын болады.

4. Осы баптың ережелері, атап айтқанда:

сандық шектеулерге;

лицензиялауға;

валюталық бақылауға;

статистикалық есепке;

құжаттарға, құжаттамалар мен құжаттардың куәліктеріне;

талдаулар мен қарауларға;

карантинге, санитарлық қызметке, фумигацияға және т.б. жататын алымдар мен нысандылықтарға таратылады.

6 - б а п

**Кедендік рәсімдерді біріздендіруге
және/немесе үндестіру**

1. Уағдаласушы Тараптар қолданыстағы халықаралық келісімдер мен уағдаластықтарға бағдар ала отырып, атап айтқанда, кедендік және тауардың құжаттамасының бірыңғай нысандарын енгізу жолымен кедендік нысандылықтарды барынша оңайлатуға және біріздендіруге шаралар қолданады.

2. Уағдаласушы Тараптар өзінің құзыретті органдарына кедендік рәсімдерді үндестіруге және кедендік құжаттар мен кедендік қамтамасыз етулерді өзара тануға қатысты ұсыныстарды дайындауды жүктейді.

7 - б а п

Тауарлық номенклатуралар

1. Уағдаласушы Тараптар тарифтік және тарифтік емес реттеудің, статистикалық есепті жүргізу және статистикалық ақпаратпен алмасудың шараларын жүзеге асырған кезде, сондай-ақ кедендік бақылау мен ресімдеу үшін Тауарларды сипаттаудың және кодтаудың үндестірілген жүйесіне негізделген сыртқы экономикалық қызметтің тауарлық номенклатураларын пайдаланатын болады. Уағдаласушы Тараптар бұл ретте өз қажеттері үшін қажет болған кезде ұлттық тауарлық номенклатураларын одан әрі дамытуды жүзеге асырады.

2. Тауарларды сипаттаудың және кодтаудың үндестірілген жүйесінің эталондық данасын жүргізуді басқа Уағдаласушы Тараптар эталондық дананы дербес жүргізетіні туралы мәлімденгенге дейін Ресей Федерациясы тиісті халықаралық ұйымдардағы қазіргі бар өкілдіктер арқылы жүзеге асырады.

8 - б а п

Ішкі салықтар мен фискалдық сипаттағы басқа да алымдар

1. Уағдаласушы Тараптар басқа Уағдаласушы Тараптардың кедендік аумағынан шығарылған тауарларға ұлттық тауарлар үшін олардың деңгейінен асатын мөлшердегі

салықтарды және фискалдық сипаттағы алымдарды тікелей немесе жанама салмайтын
б о л а д ы .

2. Уағдаласушы Тараптар қолданылып жүрген барлық салықтар мен фискалдық сипаттағы басқа да алымдар туралы толық ақпаратты табыс ететін болады.

9 - б а п

Субсидиялар

Уағдаласушы Тараптар өздерінің аумақтарында тұрған кәсіпорындарға, егер осындай субсидиялар берудің нәтижесінде адал бәсекенің шарттары бұзылатын болса, экспорттық және өзге де субсидияларды бермеуге келісті.

1 0 - б а п

Транзит

1. Уағдаласушы Тараптар транзит еркіндігінің принципін сақтау осы Келісімнің мақсаттарына қол жеткізудің аса маңызды шарты және оларды еңбек болу мен кооперациялаудың халықаралық жүйесіне қосу процесінің елеулі элементі болып
т а б ы л а д ы д е п к е л і с т і .

2. Транзиттік тасымалдаулар негізсіз бөгелулерге немесе шектеулерге әкеп
с о қ т ы р м а у ғ а т и і с .

3. Көліктің кез-келген түрімен тасымалдауға және қызметтер көрсетуге арналған тарифтерді қоса алғанда транзиттің ережелері, егер екіжақты келісімдермен өзгеше көзделмесе, Уағдаласушы Тараптар өз жіберушілері мен оларға тиесілі тауарларды алушыларға, сондай-ақ осы Уағдаласушы Тараптың тасымалдаушылары мен көліктік құралдары үшін немесе оларға тиесілі тауарларды жіберушілер мен алушыларға берілетін кез-келген шетел мемлекеттерінің тасымалдаушыларына және көлік құралдары қамтамасыз етілетін шарттардан еш кем түспейтін болуға тиіс.

1 1 - б а п

Кері экспорт

1. Әр Уағдаласушы Тарап экспортқа қатысты аумағына осы тауарлар шығарылған басқа Уағдаласушы Тараптар тарифтік және/немесе тарифтік емес реттеудің шараларын қолданатын тауарлардың санкцияланбаған кері экспортына жол бермейтін
б о л а д ы .

2. Уағдаласушы Тараптар шаруашылық жүргізуші субъектілерге тауарлардың кері экспортын қозғайтын ережелерді келісім шарттарға енгізуге кедергі болмайтын
б о л а д ы .

3. Тауарлардың кері экспортымен байланысты мәселелер тауарлардың кері экспорты мен кері экспортқа арналған рұқсаттар берудің тәртібі туралы келісімге сәйкес реттеледі (2-қосымша), ол осы Келісімнің ажырамайтын бөлігі болып табылады.

1 2 - б а п

Өндірістік кооперация мен ғылыми-техникалық ынтымақтастық

Уағдаласушы Тараптар өндірістік кооперация мен ғылыми-техникалық ынтымақтастықты мемлекетаралық (салааралық, өңірлік) деңгейде және шаруашылық жүргізуші субъектілердің деңгейінде, соның ішінде мемлекеттік қолдаудың түрлері нысандарын ұсыну жолымен дамытуға ықпал ететін болады.

1 3 - б а п

Ерекшеліктер

1. Жалпы ерекшеліктер.

Осы Келісім Уағдаласушы Тараптардың кезкелгенінің өзінің өмірлік мүдделерін қорғау немесе ол қатысушы болып табылатын немесе қатысу ниеті бар халықаралық шарттарды орындау үшін, егер бұл шаралар:

қоғамдық мораль мен қоғамдық тәртіпті қорғауға;

адамдардың өмірі мен денсаулығын қорғауға;

жануарлар мен өсімдіктерді қорғауға;

қоршаған ортаны қорғауға;

ұлттық игілікті құрайтын көркем, археологиялық және тарихи

құндылықтарды қорғауға;

өнеркәсіптік және зияткерлік меншікті қорғауға;

алтынды, күмісті немесе өзге де бағалы металдар мен асыл тастарды сатуға;

орны толмас табиғи ресурстарды сақтауға;

өнімнің, осы өнімге арналған ішкі баға қолдаудың мемлекеттік бағдарламаларын жүзеге асыру нәтижесінде әлемдік бағадан төмен болса, экспортын шектеуге;

төлем теңгерімінің бұзылуына қатысты болса, ол сөзсіз қажет деп санайтын халықаралық тәжірибеде жалпы қабылданған шараларды қолдану құқығына кедергі жасалмайды.

2. Қауіпсіздік түсінігі жөніндегі ерекшеліктер.

Осы Келісімде ешнәрсе Уағдаласушы Тараптардың кезкелгенінің мемлекеттік реттеудің ол қажет деп санайтын кезкелген шараларын, егер олар:

ұлттық қауіпсіздікті, мемлекеттік құпияға жататын құпия ақпараттың жылыстауының алдын алуды қоса алғанда, қамтамасыз етуге;

қару-жарақты, әскери техниканы, оқ-дәріні сатуға, әскери сипаттағы қызметтерді көрсетуге, технологияларды беруге және қару-жарақ пен әскери техниканы өндіру және басқа да әскери мақсаттарға қызметтер көрсетуге;

ыдырайтын материалдар мен радиоактивтік заттардың көздерін беруге, радиоактивтік қалдықтарды кәдеге жаратуға;

халықаралық қатынастарда соғыс уақытында немесе басқа да төтенше жағдайларда қолданылатын шараларға;

оның халықаралық бейбітшілік пен қауіпсіздікті сақтау үшін БҰҰ-ының Жарғысы негізінде өзінің міндеттемелерін орындауға арналған іс-қимылдарға қатысты болса, кедергі жасалмайды.

1 4 - б а п

Мемлекеттік реттеу шараларын енгізу тәртібі

1. Уағдаласушы Тараптар басқа Уағдаласушы Тараптарды мемлекеттік реттеу шараларының себептері, сипаты мен енгізудің болжанған мерзімдері және әрекеті туралы алдын ала хабарлайды.

2. Уағдаласушы Тараптар алдын ала консультациялар өткізеді және ұсынымдар әзірлейді. Уағдаласушы Тарап келісілген шешім қабылдау мүмкіндігі болмаған жағдайда осы баптың 1-тармағында айтылған мемлекеттік реттеудің шараларын алты ай мерзімде өзінің қалауынша енгізуге құқығы бар.

3. Уағдаласушы Тарап кейінге қалдыруға болмайтын ерекше жағдайларда сыртқы экономикалық қызмет саласындағы мемлекеттік реттеу шараларын біруақытта хабарлап және басқа Уағдаласушы Тараптармен кейін дереу консультациялар өткізуге отырып енгізуге құқығы бар.

1 5 - б а п

Экспорттық бақылау саласындағы ынтымақтастық

Уағдаласушы Тараптар экспорттық бақылау мәселелерінде ынтымақтасатын және келісілген іс-қимылдарды жүзеге асыратын болады.

1 6 - б а п

Келісімнің тауарларға қатысты әрекет аясы

Еркін сауда аймағының режим Уағдаласушы Тараптардың кедендік аумағынан шығарылған және Уағдаласушы Тараптардың кедендік аумағына арналған тауарларға қатысты болмайды.

1 7 - б а п

Қызметтер

1. Уағдаласушы Тараптар өзара негізде Келісім аумағының шектерінде қызметтерді еркін көрсету үшін жағдайлар жасау мақсатында шектеулерді кезең-кезеңмен жоюға ұмтылатын болады.

2. Уағдаласушы Тараптар осы баптың әрекеті қатысты болатын қызметтердің түрлерін айқындайды және тауар айналымына тікелей қызмет көрсету саласындағы импорты мен экспортын ырықтандыру мәселелері бірінші кезекте шешілуге тиіс қызметтердің басым түрлерін бөліп қарайды.

3. Уағдаласушы Тарап көпжақты да, екіжақты да негізде қызметтер көрсетумен байланысты мәселелерді келісу құқығын өзінде қалдырады.

1 8 - б а п

Сыртқы экономикалық байланыстарды құқтық реттеу туралы ақпаратпен алмасу

Уағдаласушы Тараптар сыртқы экономикалық байланыстарды құқтық реттеу туралы ақпаратты бір-біріне келісілген тәртіппен ұсынады.

1 9 - б а п

Дауларды шешу тәртібі

1. Уағдаласушы Тараптардың арасындағы осы Келісімнің ережелерін түсіндіруге және/немесе қолдануға қатысты кез-келген даулар мен келіспеушіліктер, сондай-ақ Уағдаласушы Тараптардың осы Келісім бойынша құқықтары мен міндеттерін қозғайтын басқа да немесе оған байланысты даулар мынадай тәртіппен:

мүдделі Уағдаласушы Тараптардың өзара тікелей консультациялар өткізу жолымен немесе өзара келісімі бойынша басқа Уағдаласушы Тараптар өкілдерінің қатысуымен; арнайы келісімдік рәсімінің шеңберінде (даудың материалдарын зерттеу және ұсынымдарды әзірлеу үшін жұмыс топтарын құру жолымен);

ТМД-ның экономикалық сотында;

халықаралық құқықпен көзделген өзге рәсімдердің шеңберінде шешілетін болады.

2. Араларында даулы мәселелер немесе келіспеушіліктер туындаған Уағдаласушы Тараптардың өзара келісім бойынша не рәсім басталған күннен бастап алты ай ішінде келісімге қол жеткізілмеген кезде бірінің талабы бойынша келесі рәсімге көшу мүмкін болады.

2 0 - б а п

Осы Келісімнің Уағдаласушы Тараптардың басқа да міндеттемелерімен және құқықтарымен ара қатынасы

1. Осы Келісімде ешнәрсе Уағдаласушы Тараптардың кез келгеніне осы Уағдаласушы Тарап қатысушы болып табылатын немесе табылуы мүмкін қандай да бір басқа халықаралық келісімге сәйкес, егер ол міндеттемелер осы Келісімнің ережелері мен мақсаттарына қайшы келмейтін болса өзіне алған міндеттемелерді орындауға кедергі ретінде қаралмауы тиіс.

2. Осы Келісімнің ережелері ішкі заңнамамен немесе халықаралық келісімдердің негізінде реттелетін өңірлік ынтымақтастық, шекара маңындағы және жағалаудағы сауда, преференциялар, еркін экономикалық және кеден аумақтарының шеңберінде берілетін құқықтар мен артықшылықтарды қозғамайды.

3. Осы Келісімнің қатысушысы болып табылмайтын мемлекеттермен преференциялық, сауда және интеграциялық келісімдер жасауға ниеті бар Уағдаласушы Тарап осы туралы басқа Уағдаласушы Тараптарға алдын ала хабарлайды және аталған келісімдерде өзінің қатысуының болжанатын шарттары туралы хабардар етеді.

Осы тармақтың мақсаттары үшін осы Келісімге қол қойған Уағдаласушы Тараптар және оған қосылған мемлекеттер Уағдаласушы Тараптар болып табылады.

2 1 - б а п

Кеден одағына көшу

Еркін сауда аймағы Кеден одағын қалыптастыруға өтпелі кезең ретінде қаралады.

Кеден одағын оның шеңберінде ынтымақтастықты жалғастыруға ниет білдірген және осы Келісімнің ережелерін орындаған мемлекеттер құруы мүмкін.

2 2 - б а п

Өзгерістер мен толықтырулар

1. Осы Келісімге Уағдаласушы Тараптардың өзара келісімі бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

2. Осы Келісімге ескертпелерге жол берілмейді.

2 3 - б а п

Күшіне енуі

1. Осы Келісім қол қойылған күнінен бастап уақытша қолданылады және оған қол қойған Уағдаласушы Тараптардың барлық қажетті мемлекетшілік рәсімдерді орындағаны туралы үшінші хабарламаны депозитарийге сақтауға тапсырған күнінен б а с т а п к у ш і н е е н е д і .

2. Беларусь Республикасы осы Келісімнің депозитарийі болып табылады.

3. Осы Келісімге қол қойылған күннен бастап бір жыл өткеннен кейін осы Келісім күшіне енген Уағдаласушы Тараптар Келісім уақытша қолданылатын Уағдаласушы Тараптардың Келісімге қатысуына қатысты шешім қабылдауы мүмкін.

2 4 - б а п

Қосылу

1. Осы Келісім қосылу сәтінде қолданыста болатын Келісімнің ережелерін танитын және оларды толық көлемде орындауға дайындық білдірген Тәуелсіз мемлекеттер Достастығына кезкелген қатысушы мемлекеттің қосылуы үшін ашық.

2. Қосылу қосылатын мемлекетпен олардың мемлекетшілік рәсімдерге сәйкес барлық Уағдаласушы Тараптар алдын ала келісуге және мақұлдануға жататын жекеленген келісімде айқындалатын шарттарда және тәртіппен жүзеге асырылады.

2 5 - б а п

Келісімге қатысуды тоқтату

1. Кез-келген Уағдаласушы Тарап басқа Уағдаласушы Тараптарға өзінің Келісімнен шығу ниеті туралы шығуға дейін 6 ай бұрын ресми жазбаша хабарлама жіберу жолымен Келісімге өзінің қатысуын тоқтата алады.

2. Уағдаласушы Тараптардың кезкелгені осы Келісімнің мақсаттарына елеулі залал келтіретін ережелерін бұзған жағдайда басқа Уағдаласушы Тараптар Келісімнің немесе оның жекелеген ережелерінің осы Уағдаласушы Тарапқа қатысты қолданылуын тоқтата тұру, не оны Келісімге қатысушылардың қатарынан шығару туралы шешім қ а б ы л д а у ғ а қ ұ қ ы ғ ы .

3. Осы Келісімнің ережелері мүмкін болатын, оның ішінде материалдық сипаттағы, даулар мен талаптарды шешу мақсаттары үшін қатысуды тоқтатқан Уағдаласушы Тарапқа қатысты барлық талаптарды толық реттегенге дейін қолданыла береді.

Мәскеу қаласында 1994 жылғы 15 сәуірде орыс тіліндегі бір түпнұсқалық данада жасалды. Түпнұсқалық дана Беларусь Республикасы Үкіметінің мұрағатында сақталады, ол осы Келісімге қол қойған Уағдаласушы Тараптарға оның расталған көшірмесін жібереді.

Әзірбайжан Республикасы
үшін

Молдова Республикасы

Армения Республикасы
үшін

Ресей Федерациясы

Беларусь Республикасы
үшін

Тәжікстан Республикасы

Грузия үшін Түрікменстан үшін

Қазақстан Республикасы
үшін

Өзбекстан Республикасы

Қырғыз Республикасы үшін Украина үшін

Еркін сауда аймағын құру туралы 1994 жылғы 15 сәуірдегі келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы ХАТТАМА

Еркін сауда аймағын құру туралы келісімге (бұдан әрі - Келісім) қатысушы
м е м л е к е т т е р

Келісім ережелерін дамыту мен тереңдету, еркін сауда аймағын қалыптастыру
процестерін жеделдету мақсатында

Келісімге мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы келісті:

1. 1-баптың 1-тармағындағы бірінші абзацында "нақты міндеттерді шешуде" деген сөздерден кейін "Экономикалық одақ құрудың бірінші сатысынан" деген сөздер "еркін сауда аймағын құру" деген сөздермен ауыстырылсын.

2. 1-баптың 1-тармағының екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:
"кедендік баждарды, сондай-ақ баламалық іс әрекеті бар салықтар мен салымдарды және сандық шектеулерді жоюды";

3. 1-баптың 1-тармағының бесінші және алтыншы абзацтары біріктірілсін және мынадай редакцияда жазылсын:

"өнеркәсіп, ауыл шаруашылық, көлік, қаржы, инвестиция, әлеуметтік салада осы Келісімнің мақсаттарына қол жеткізу үшін сауда-экономикалық саясат жүргізудегі, сондай-ақ адал бәсекені және т.б. дамытудағы ынтымақтастық".

4. 1-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Осы Келісім Уағдаласушы Тараптардың кедендік аумақтарында, олардың ұлттық заңдарымен белгіленгендей, қолданылады.";

5. 1-баптың 3-тармағының бірінші абзацы "1969 жылғы халықаралық келісім-шарттар құқығы туралы Вена конвенциясының" деген сөздерден кейін "және ГАТТ/ДСҰ келісімдерінің" деген сөздермен толықтырылсын.

6. Келісім мынадай мазмұндағы 1а - жаңа баппен толықтырылсын:

1 а - б а п

Уағдаласушы Тараптардың Келісім ережелерін орындау жөніндегі әрекетін үйлестіретін орган

"Уағдаласушы Тараптардың осы Келісімді орындау барысын бақылауды, олардың сауда-экономикалық ынтымақтастығын дамыту жөнінде ұсыныстар әзірлеуді, осы Келісімнің мақсаттарына жету үшін келісу және экономикалық саясатты үйлестіруді Экономикалық кеңестің мемлекетаралық экономикалық комитеті (бұдан әрі - Комитет) жүзеге асырады".

7. 2-бап алынып тасталсын.

8. 3-баптың атауы мынаған өзгертілсін:

"Кедендік баждар, сонда-ақ олармен баламалық әсері бар салықтар мен алымдар және сандық шектеулер".

9. 3-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Уағдаласушы Тараптар олардың біреуінің кедендік аумағынан шығатын және басқа Уағдаласушы Тараптардың кедендік аумақтарына арналған тауарларды әкелу және (немесе) әкетуге кедендік баждарды, сондай-ақ олармен баламалы іс-әрекет бар салықтар мен алымдарды, сандық шектеулерді қолданбайды".

10. 3-баптың 2-тармағы мынадай мазмұнда жазылсын:

"2. Уағдаласушы Тараптар арасындағы саудада олар үшін осы Хаттаманың күшіне енген сәтінен бастап импорт пен (немесе) экспорттың екі жақты келісімдерде бұрын тіркелгендерге қосымша жаңа сандық және тарифтік шектеулері және баламалық іс-әрекет бар шаралар енгізілмейтін болады.

Осы баптың 1-тармағында көзделген сауда режимінен алып тастау осы Хаттамаға қол қойылған күннен бастап 12 ай мерзім ішінде Уағдаласушы Тараптар оларды кезең-кезеңмен жоюды келісетін және бұл туралы Комитет пен осы бөлімнің депозитарийін хабардар ететін екі жақты құжаттардың негізінде қолданылады".

11. 3-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Осы Келісімнің мақсаттары үшін сандық шектеулер мен басқа әкімшілік шаралар деп қолданылуы Уағдаласушы Тараптың біреуінің аумағынан Уағдаласушы Тараптың екіншісінің аумағына шығатын тауардың импорты немесе экспорты үшін, материалдық кедергілер немесе шектеулер туғызатын кез келген шараларды түсіну керек. Бұған квота беру, лицензиялау, бағаны және тауармен жабдықтаудың басқа шарттарын бақылау, ұқсас тауарды сондай тауарды шығарған елдің аумағында жүріп сатушының немесе сатып алушының және сол аумақта сатып алу мен сатуды жүзеге асырушының құқықтарымен салыстырғанда импорттаушы мен экспорттаушының құқықтарын тікелей немесе жанама шектейтін импорттаушы мен экспорттаушыға қойылатын ерекше талаптар қоса алынады. Бұл баптың ережелері осы Келісімнің 13 және 13 а баптарында көзделген шараларды, сондай-ақ басқа халықаралық келісім

жөніндегі міндеттемелерді орындау мақсатында Уағдаласушы Тараптардың кез келгені қолданатын шаралар оларды кез келгеннің қолдану құқығына қалай да болсын әсер етпейді және нұқсан келтірмей қолданылады";

12. 4-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Уағдаласушы Тараптардың әрқайсысы басқа Уағдаласушы Тараптың кез келгенінің кедендік аумағынан шығатын және оның аумағында импортталатын тауарларға ұлттық тауарлар немесе техникалық талаптар мен сапаға қойылатын талаптарға байланысты кез келген үшінші елдің тауарларына қатысты қолданылатын режимнен кем емес режим орнатады.

2. 1-тармақтың ережелері сынақ нәтижелерін, сапа сертификаттары мен басқа да сол сияқты келісімдерді өзара тану туралы келісімдерді орындау мақсатында, сондай-ақ қауіп төнгенде немесе адамдардың өмірі мен денсаулығына, жануарлар мен өсімдіктерге қауіп төнуі мүмкін болған жағдайларда Уағдаласушы Тараптардың кез кезкелгені қабылдай алатын шаралар үшін зиянын тигізбей қолданылады.

3. Уағдаласушы Тараптар саудадағы техникалық кедергілер мен басқа да арнайы талаптарды (шектеулерді) жою мақсатында стандарттау, метрология және сертификаттау саласында ынтымақтастық байланыста болады және ақпаратпен алмасадy".

13. 5-баптың 2-тармағы "хабарлау" деген сөзден кейін "Комитет" деген сөзбен толықтырылсын.

14. 5-баптың 4-тармағы "фумигацияға" деген сөзден кейін "әкелу мен әкетілуге байланысты басқа да рәсімдерге" деген сөздермен толықтырылсын;

15. 7-баптың 1-тармағының екінші сөйлеміндегі "Уағдаласушы Тараптар" деген сөздерден кейінгі "қажет болған жағдайда" деген сөздер алынып тасталсын.

16. 8-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Бұл тауарларға осыған ұқсас отандық тауарларға қатысты олардың ішкі рынокта сатылуын, сатуға ұсынысты, сатып алуды, тасымалдауды, бөлу немесе пайдалануды қозғайтын барлық заңдарға, ережелер мен талаптарға қатысты берілетін режимнен кем емес қолайлы режим беріледі.";

17. Келісім мынадай мазмұндағы жаңа 8а-баппен толықтырылсын:

"

8 а - б а п

Қосымша салықтарды қолдану тәртібі

1. Уағдаласушы Тараптар өзара сауда-саттықта Уағдаласушы Тараптардың біреуінің кедендік аумағынан Уағдаласушы Тараптардың екіншісінің кедендік аумағына экспортталатын тауарларға (жұмыс, қызмет көрсету) жанама салықтар (ҚҚС, акциздер) салмайды.

2. Осы баптың 1-тармағында көзделген ереже ҚҚС-н нольдік ставкамен салуды, сондай-ақ экспортталатын тауарларды акцизден босатуды білдіреді. ҚҚС-н нольдік ставка бойынша салу ұлттық заңдармен көзделмеген осы Келісімге қатысушы

мемлекеттерде тауарларды (жұмыс, қызмет көрсету) ҚҚС-нан босатылады.

3. Осы баппен көзделген жанама салықтар салудың тәртібі Уағдаласушы Тараптардың ұлттық заңдарына сәйкес 2000 жылдың 1 қаңтарынан бастап күшіне енеді "

18. 9-бап мынадай тармақтармен толықтырылсын:

"2. Уағдаласушы Тараптар олардың кез келгенінің өтініші бойынша ақпарат алмасу арқылы (субсидиялар) берумен байланысты шаралардың шынайылығын қамтамасыз е т е д і .

3. Комитет экспортқа мемлекеттік ықпал етуден түскен субсидиялардың қолданылуымен байланысты жағдайларға бақылау жасауды жүзеге асырады және халықаралық практиканы басшылыққа ала отырып, олардың қолданылуын реттейтін ережелерді жасайды.

4. Егер Уағдаласушы Тараптың кез келгені субсидияны қолданудың практикасы осы баптың 1 тармағымен сәйкес келмейді деп есептесе, онда ол осы Келісімнің 13 а бабында жазылған шарттар мен рәсімдерге сәйкес тиісті шаралар қолдана алады".

19. 10-баптың 10-тармағы 4-тармақ болып есептелсін және мынадай мазмұнда ж а з ы л с ы н :

"4. Транзиттің шарттары, көліктің кез келген түрімен тасымалдауға арналған тарифті қызмет көрсетуді қосқанда, жеке келісімдермен айқындалады".

20. 10-бап мынадай мазмұндағы 3-тармақпен толықтырылсын:

"3. Уағдаласушы Тараптардың әрқайсысының аумағынан өтетін транзит халықаралық транзиттік тасымал үшін, басқа Уағдаласушы Тараптардың аумағында немесе аумағынан қандай да болмасын айырмашылықсыз немесе кемеңіз жалауына, тауарды жіберетін, кіргізетін, шығаратын немесе арналған жерлерге немесе тауар, кеме немесе басқа да көлік құралдарына деген меншікке қатысты қандай да болмасын жағдайларға негізделген алаңсыз транзиттік тасымалдау үшін неғұрлым қолайлы жолдар бойынша транзит еркіндігінің принципі негізінде жүзеге асырылады.";

21. 11-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"Осы Келісімнің шеңберінде жеткізілетін тауарлар кері экспорты Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттер арасындағы тауарлар кері экспорты мен кері экспортқа рұқсат беру тәртібі туралы 1994 жылғы 15 сәуірдегі К е л і с і м м е н р е т т е л е д і " .

22. 13-баптың 1-тармағындағы "қатысушысы ол болып" деген сөздерден кейінгі " табылатын немесе бұл шаралар қатысты болса, болуды көздейтін" деген сөздер " табылатын немесе егер бұл шаралар беталды немесе алаңсызмен қолданылмаса және қатысты болса, болуды көздейтін" деген сөздермен ауыстырылсын және әрі қарай - мәтін бойынша.

23. Келісім мынадай мазмұндағы 13 а жаңа баппен толықтырылсын:

1 3 а - б а п

Арнайы сауда-саттық шаралары

1. Осы Келісімде тиісті тексеру жүргізілгеннен кейін Уағдаласушы тараптардың біреуінің аумағынан шығатын тауарлардың импортына қатысты, егер ол импорт Уағдаласушы Тарапқа зиян шектіретін болса немесе орны толмас зиян келтіру қаупін тудыратындай мөлшерде немесе жағдайда жүзеге асырылса, сондай-ақ Уағдаласушы Тарапқа зиян әкелетін немесе орны толмас зиян қаупін туғызатын демпингтік және субсидияланатын импортқа байланысты арнайы сауда-саттық шараларын жүргізуге Уағдаласушы Тараптың кез келгеніне ешнәрсе кедергі жасамайды.

2. Арнайы сауда-саттық шаралары импортты сандық шектеулер нысанында немесе осы баптың ережелеріне және (немесе) Уағдаласушы Тараптың ұлттық заңдарына сәйкес зиянды немесе зиян қаупін жою үшін қажетті мерзімге арнайы импорттық баж, демпингке қарсы және өтемақылық баждар нысанында енгізілуі мүмкін.

2.1. Арнайы сауда-саттық шаралары тек Уағдаласушы мүдделі Тараптар арасында консультация жүргізілгеннен кейін ғана енгізілуі мүмкін. Төтенше шара енгізуді көздеген Уағдаласушы Тарап алдын-ала шара енгізуді жоспарлағанға дейін 30 күннен кешіктірмей бұл туралы мүдделі Уағдаласушы Тарапты хабардар етуге және консультация өткізу туралы ұсыныс жасауға міндетті. Консультация өткізу туралы ұсыныс жазбаша нысанда жіберіледі, оған импорттан болған зиянның немесе зиян қаупінің орын алу фактісін растайтын материалдар тіркеледі. Осы Келісімнің мақсаттары үшін зиян деп экономика саласының айтарлықтай зияны, айтарлықтай зиян қаупі немесе осындай саланы құруға немесе дамытуға жасалатын едәуір кедергі т ү с і н і л е д і .

2.2. Зиянның орын алу фактісі нақты мәліметтерге негізделуі керек және импорттың көлемі мен оның ұқсас немесе тікелей бәсекелес тауарлар рыногының бағасына ықпалы сияқты, мүдделі Уағдаласушы Тараптың сала өндірушілері үшін осындай импорт нәтижесін шынайы талдау кіргізілуі керек.

2.3. Импорттың көлемі оның өндіріс пен сөз болып отырған Уағдаласушы Тараптың аумағында бәсекелес тауардың қолданылу деңгейіне қатысты біржолата және салыстырмалы мәнде едәуір өсу тұрғысынан қаралады.

2.4. Рынок бағасына импорттың ықпалы импорттың бағасы мен отандық өндірістің осыған ұқсас бәсекелес тауарына бағаның арасындағы елеулі айырмашылық фактісін, немесе импорттың осы бағаларға оларды төмендетуге әкелетін немесе әкелуі мүмкін немесе мұндай бағалардың өсуіне кедергі жасайтын, импорт жоқ кезде орын алатын басқа кәдімгідей әсер ету фактісін анықтау жолымен айқындалады.

2.5. Импорттың экономика саласына әсер ету дәлелдері сала жағдайына әсер ететін қомақты экономикалық факторлардың барлығының бағасына негізделуі керек. Оның ішінде бұған орын алған немесе жақын арада болуы мүмкін сатудың төмендеуі, өндіріс пайдасы мен көлемі, рыноктағы үлесі, өнімділігі, капитал қорының өтімділігі, өндіріс

қуатын пайдалану, ішкі бағаға әсер ететін, кіріске нақты және барынша әсер ететін факторлар, қоймалардағы қорлар, еңбекпен қамту, еңбек ақы, өсу қарқыны, сала кәсіпорындарының жинақталған жарғылық капиталының өсу немесе олардың капиталдық жұмсалымдарының өсу мүмкіндіктері қоса кіреді.

2.6. Экономика саласы үшін зиянның немесе зиян қаупінің дәлелдері сала жағдайына, оның ішінде кәдімгі жағдайларда жүзеге асырылатын импорт бағасының көлемі мен деңгейіне, сұраныстың өзгеруіне, қолданыстың өзгеруіне, шектеулі сауда-саттық практикасының нәтижесі мен шетелдік және отандық өндірушілер арасындағы конкуренцияға, технологиялық жаңа енгізулерге, экономика саласының экспорттық және өндірістік көрсеткіштеріне кері әсер ететін факторларды (импортқа қарағанда, басқа) зерттеуге негізделуі тиіс. Мұндай факторлар арқылы келтірілген зиян төтенше шаралар қолданылуы мүмкін импорт есебіне жатқызылмауы тиіс.

2.7. Экономика саласына төнген зиян қаупін анықтау тек қана фактілерге негізделеді. Мұнда мынадай фактілер қаралуы тиіс:

импорттың қомақты өсуі жалғасуының нақты мүмкіндіктерін дәлелдейтін импорттың өсу серпіні;

еркін өндірістік қуаттардың болуы немесе басқа рыноктардың әлеуметтік өткізу сиымдылығын ескере отырып, сөз болып отырған Уағдаласушы Тараптың аумағында импортты едәуір өсірудің нақты мүмкіндіктеріне куә экспортшының өндірістік қуаттарының сөзсіз болатын көз алдында өсуі;

отандық өндірушілердің бағасына кәдімгідей өктем әсер ететін импорт тауарларына деген сұраныстың одан әрі өсуіне әкеп тірейтін импорт бағаларының сондай деңгейі; бәсекелесуші тауарлар қорының көлемі.

2.8. Осы бапта аталған факторлардың немесе фактілердің бірде-біреуі өздігінен зиянның немесе зиян қаупінің бары туралы қорытынды үшін міндетті негіз болып табыла алмайды. Зиянның немесе зиян қаупінің бар екендігі немесе жоқтығы туралы қорытынды барлық факторлар мен фактілер жиынтығын тексерудің негізінде қабылданады. Жекелеген жағдайларда, зиян немесе зиянның қаупі импорттың күрт өсуімен немесе мұндай өсу болмаған кезде, импорт экономика саласына зиян әкелетіндей бағамен жағдайда жүзеге асырылатындай болса, арнайы сауда-саттық шарасы экономика саласының зияндылығы немесе зияндылық қаупі мен импорттың күрт өсуі немесе импорттың ерекше жағдайда жүзеге асуының арасында себеп-салдар байланысы болған жағдайда қабылдануы мүмкін.

3. Уағдаласушы Тараптар проблемаларды өзара тиімді шешуге ұмтылатын болады.

4. Егер де мұндай шешім табылмаған жағдайда консультация өткізуді ұсынған Уағдаласушы Тарап арнайы сауда-саттық шараларын өткізу құқығына ие болады.

5. Ерекше қауырт жағдайларда арнайы сауда-саттық шаралары консультация өткізгенге дейін, мұндай консультациялардың өткізілуі ұзаққа созбай ұйымдастырылатын жағдайларда қабылдануы мүмкін.

6. Осы бапта жалпыға бірдей танылған халықаралық ережелерге және (немесе) Уағдаласушы Тараптың ұлттық заңдарына сәйкес Уағдаласушы Тараптың арнайы, демпингке қарсы және өтемақылық шаралар қабылдауына ешнәрсе де зиянын тигізе алмайды және қандай да болмасын жағдаймен әсер ете алмайды.

Арнайы, демпингке қарсы және өтемақылық шараларды енгізудің алдындағы тексеруге қатысты Уағдаласушы Тарап басқа Уағдаласушы Тараптың ұсынысын зерделеп қарауға және мүдделі Уағдаласушы Тараптардың негізінде түпкілікті шешімдер қабылданатын қомақты фактілер мен ой-пікір туралы хабардар етуге келіседі.

Арнайы, демпингке қарсы немесе өтемақылық шаралар енгізілгенге дейін Уағдаласушы Тараптар проблемаларды сындарлы шешудің барлық мүмкіндіктерін қолданатын болады.

7. Аса маңызды бәсекелес тауарларға деген экспортты ішкі рынокта олардың жетіспеушілігі шиеленіскен жағдайда шектеуге осы Келісімде Уағдаласушы Тараптарға ешнәрсе кедергі жасамайды".

24. 14-бап алынып тасталсын.

25. 15-бап алынып тасталсын.

26. 17-баптың 1-тармағы "Уағдаласушы Тараптар" деген сөздерден кейін "ұлттық рыноктар көрсететін қызметтердің ымыраласуы үшін жағдай жасайды және" деген сөздермен толықтырылсын, әрі қарай мәтін бойынша.

27. Келісім мынадай мазмұндағы жаңа 17а-баппен толықтырылсын:

" **1 7 а - б а п**

Кәсіпкерлік қызметтегі бәсекелестік

Төменде аталғандар еркін сауда аймағындағы сауда-саттыққа ықпал ете алатындай дәрежеде осы Келісімнің орындалуымен сыйыспайды:

келісу практикасы бәсекелестікті жоюдың, алдын алудың, шектеудің немесе бұрмалау салдары болып табылатын немесе мақсат тұтатын кәсіпорындардың, кәсіпорындар қауымдастықтарының барлық келісімдері;

бір немесе одан да көп кәсіпорындардың еркін сауда аймағының аумағында негізгі жағдайды тұтастай немесе оның қомақты бөлігін заңсыз пайдалануы".

28. Келісім мынадай мазмұндағы жаңа 17б-баппен толықтырылсын:

" **1 7 б - б а п**

Мемлекеттік сатып алу

Уағдаласушы Тараптар алаламау және өзара негізде мемлекеттік сатып алудың ұлттық рыноктарын ымыраластыру үшін жағдай жасайды".

29. 18-бап алынып тасталсын.

30. 19-бап мынадай мазмұнда жазылсын:

"1. Тараптар осы Келісім бойынша өздерінің міндеттемелерін орындау үшін барлық қажетті шараларды қабылдайды.

2. Осы Келісімнің 13-бабының ережелеріне нұқсан келтірмей, егер Уағдаласушы Тараптың біреуі екінші Уағдаласушы Тарап өзінің міндеттемелерін орындамайды деп есептесе, және мұндай орындамаушылық алғашқы Уағдаласушы Тараптың экономикалық мүдделеріне нұқсан келтірсе немесе нұқсан келтіру қаупін туғызса, ол мұндай басқа Уағдаласушы Тараптан екі Уағдаласушы Тарап үшін қолайлы шешімді табу мақсатында жазбаша өтініш білдірген күннен бастап екі ай мерзім ішінде өткізілуі тиіс консультациялар туралы сұрау сала алады. Тиісті сұраудың көшірмесі осы Келісімнің басқа да Уағдаласушы Тараптарына жіберіледі және олардың кез келгені, осы тармақтың бірінші сөйлемінде айтылып өткен міндеттемелер оның мүддесін қозғаса, онда консультацияға қатыса алады.

Жазбаша сұрауға проблеманың мәнісіне қатысты барлық ақпараттар тіркеледі.

3. Егер осы баптың 2-тармағында айтылған консультациялар барысында Уағдаласушы Тараптар проблеманы өзара қолайлы шешуге келе алмаған жағдайда, консультация туралы өтініш жасаған Уағдаласушы Тарап Уағдаласушы Тараптардың құқықтары мен міндеттерін қозғайтын таласты Комитет ұсынған арнайы келісу рәсімінде үндеуді алған күннен бастап 30 күн ішінде (талас материалдарын тексеру үшін және ұсыныстар жасау үшін жұмысшы топтарын құру арқылы) шешуге құқығы бар.

4. Егер осы баптың 2-тармағында көрсетілген консультациялар барысында, осы баптың 3-тармағында көрсетілген арнайы рәсімдер барысында Уағдаласушы Тараптар проблеманың өзара тиімді шешілуіне келмеген жағдайда консультация туралы өтініш жасаған Уағдаласушы Тарап сауда-саттықтың балама мөлшеріне қатысты осы Келісім бойынша өзінің міндеттерін орындаудан бас тартуға немесе ұлттық экономикаға зиян келтіруге жол бермейтін деп өзі есептейтін басқа қажетті шаралар қолдануға құқылы. Мұндай шараларды тандауда артықшылық осы Келісімнің әрекетін барынша аз бұзатындарына берілуі тиіс. Мұндай шаралар басқа Уағдаласушы Тараптың оларды енгізген шешімі жойылысымен, кешіктірілмей тоқтатылуы тиіс.

5. Осы баптың ережелері қандай болсын жолмен Уағдаласушы Тараптарға олардың арасында туындаған таласты халықаралық құқықпен көзделген рәсімдер шеңберінде шешуге кедергі жасай алмайды".

31. 20-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы екінші абзацпен толықтырылсын:

"Осы ереже аталған Келісімге қатысушы мемлекеттермен сыртқы экономикалық қатынастар режимін өз бетінше айқындаудағы құқықтарына тиіспейді".

32. 20-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Осы Келісімнің ережелері экономикалық бірлестіктердің, шекаралық сауда-саттықтың, дамушы елдерге, еркін экономикалық немесе кедендік аймақтарға берілетін, ішкі заңдармен немесе халықаралық келісімдер негізінде реттелетін жеңілдіктің шеңберінде Уағдаласушы Тараптар беретін Уағдаласушы Тараптардың құқықтары мен артықшылықтарына тиіспейді".

33. 20-баптың 3-тармағы алынып тасталсын.

34. 21-бап алынып тасталсын.

35. 24-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы Келісім қосылу сәтінде қолданыста жүрген Келісім ережелерін мойындайтын және оларды толық орындауға дайын екендігін білдіретін кез келген мемлекеттің қосылуы үшін ашық".

36. 25-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Уағдаласушы Тараптың кез келгені осы Келісім ережелерін оның мақсаттарына айтарлықтай зиян келетіндей дәрежеде бұзған жағдайда басқа Уағдаласушы Тараптар Келісім ережелерінің немесе оның жекелеген ережелерінің әрекетін тоқтату жолымен шектен тыс шаралар қолдануы мүмкін".

Осы Хаттама оның Уағдаласушы Тараптары қол қойған барлық қажетті мемлекетшілік рәсімдердің орындалуы туралы үшінші хабарландырудың депозитарийі сақтауға берілген күннен бастап күшіне енеді.

Қажетті мемлекетшілік шараларды кешіктіріп орындаған Уағдаласушы Тараптар үшін осы Хаттама депозитарийге тиісті құжаттарды берген күннен бастап күшіне енеді.

1999 жылдың 2 сәуірінде Мәскеу қаласында орыс тілінде бір түпнұсқа данасында жасалды. Түпнұсқа данасы осы Хаттамаға қол қойған әрбір мемлекетке оның расталған көшірмесін жіберетін Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының Атқарушы Хатшысында сақталады.

Әзірбайжан Республикасы

үшін

үшін

Армения Республикасы

үшін

үшін

Беларусь Республикасы

үшін

үшін

Грузия үшін

Түрікменстан үшін

Қазақстан Республикасы

үшін

үшін

Қырғыз Республикасы

үшін

Молдова Республикасы

Ресей Федерациясы

Тәжікстан Республикасы

Өзбекстан Республикасы

Украина үшін

Еркін сауда аймағын құру туралы 1994 жылғы 15 сәуірдегі келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы хаттамаға

ӘЗІРБАЙЖАН

РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ

ЕСКЕРТПЕСІ

1. Әзірбайжан Республикасы Еркін сауда аймағын құру туралы 1994 жылғы 15 сәуірдегі келісімде жазылған құқықтардың, міндеттіліктердің және ережелердің ешқайсысы және жоғарыда көрсетілген Келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізу

туралы хаттаманы Әзірбайжан Республикасының Армения Республикасына қатысты қолданбайтынын мәлімдейді.

2. Әзірбайжан Республикасы осы Ескертпенің 1-тармағының ережесін кез келген уақытта өзгерту немесе алып тастау құқығын қалдырады және басқа тараптар кез келген осындай өзгерістер немесе алып тастаулар туралы жазбаша түрде хабарландырылатын болады.

Президенті	Әзірбайжан Республикасының Гейдар Әлиев
Еркін сауда аймағын құру туралы 1994 жылғы 15 сәуірдегі келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы хаттама жобасына	

Грузияның ерекше пікірі

Грузия тұтастай алғанда, Еркін сауда аймағын құру туралы 1994 жылғы 15 сәуірдегі келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы хаттаманың ұсынылған жобасын мақұлдайды, бірақ сонымен бірге, 1999 жылғы 1 сәуірдегі Үкіметтер Басшылары Кеңесінің отырысында Грузияның Мемлекеттік министрі айтқан "Ерекше пікірді растайды".

Э. Шеварднадзе
Еркін сауда аймағын құру туралы 1994 жылғы 15 сәуірдегі келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы хаттама жобасына

ГРУЗИЯНЫҢ ЕРЕКШЕ ПІКІРІ

Грузия тұтастай алғанда, Еркін сауда аймағын құру туралы 1994 жылғы 15 сәуірдегі келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы хаттаманың жобасын мақұлдайды .

Сонымен бірге, 3-баптың 2-тармағының екінші абзацын мынадай редакцияда жазу қажет деп санаймыз: "Осы баптың 1-тармағында көздеген сауда режимінен алып қоюлар Уағдаласушы тараптар оларды жоюды келісетін екіжақты құжаттар негізінде қолданылады....." және бұдан әрі мәтін бойынша, сондай-ақ Келісімнің 20-бабының 1-тармағындағы бірінші абзацтан қорытынды сөз тіркесі алып тасталсын: "....егер, бұл міндеттемелер осы Келісімнің ережелері мен мақсаттарына қайшы келмейтін жағдайда".

В.Лордкипанидзе
ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің өзара саудадағы шектеулердің күшін кезең-кезеңімен жою туралы хаттама жобасына

Грузияның ескертпесі

Грузия үшін Хаттама мемлекетішілік рәсімдер аяқталғаннан кейін күшіне енеді.

Зураб Ногаидели

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК